

**"Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 1217 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 698 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 758 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2023 № 758 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 14.11.2020 бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 1217 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 65, 887-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортында (бұдан әрі – үлгілік паспорт):

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Объект туралы жалпы мәліметтер";

1-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) басшының, басшы орынбасарының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жұмыс, үй және ұялы телефондары)";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Объектінің сипаты";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес объектінің инженерлік-техникалық жарактандырылуы және терроризмге қарсы қорғалуы туралы мәліметтер";

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Объекті қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмылдырылған адамдардың (оның ішінде жеке күзет ұйымы, тәуліктік жасақ, қарауыл, кезекші жауынгерлік ауысым жұмыскерлерінің) саны:

Жұмылдырылған жұмыскерлердің, қызметкерлердің, әскери қызметшілердің барлығы: \_\_;

күндізгі ауысымға: \_\_\_\_ сағат\_\_ минуттан \_\_\_\_ сағат\_\_ минутқа дейін;

түнгі ауысымға: \_\_\_\_ сағат\_\_ минуттан \_\_\_\_ сағат\_\_ минутқа дейін;

тәулік бойы: \_\_\_\_ сағат\_\_ минуттан \_\_\_\_ сағат\_\_ минутқа дейін.

12. Объекті қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмылдырылған, оның ішінде тәуліктік жасақтағы, қарауылдағы, кезекші жауынгерлік ауысымдағы жеке күзет ұйымы жұмыскерлерінде, қызметкерлерде, әскери қызметшілерде қару-жарак пен арнайы құралдардың болуы:

қызметтік, табельдік атыс қаруы \_\_\_\_\_ бірлік.

арнайы құралдар \_\_\_\_\_;

(әрбір түрінің және моделінің атауы мен саны көрсетілсін)

қызметтік (қарауылдық) иттердің саны \_\_\_\_\_.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Объектінің жоспары (паспорттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке қосымшамен ресімделеді)";

16-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) күзет, тәуліктік жасақтар, қарауыл, кезекші жауынгерлік ауысым қызмет өткеретін бекеттер, сондай-ақ техникалық бақылау құралдары, күзет сигнализациясы, бейнебақылау камералары орналастырылған жерлер;"

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Объекті ғимараттарының (құрылыстарының) қабат бойынша жоспары (паспорттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке қосымшамен ресімделеді)";

17-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

3) күзет, тәуліктік жасақтар, қарауыл, кезекші жауынгерлік ауысым қызмет өткеретін бекеттерінің орналасуы;"

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Объекті ғимараттарының (құрылыстарының) инженерлік коммуникациялық схемалары (паспорттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке қосымшамен ресімделеді)";

Үлгілік паспорт мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Ішкі істер органдарының мемлекеттік бақылауына жатпайтын террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының

паспорттары "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ішкі істер органдарының тиісті аумақтық бөліністері басшыларымен келісуге жатпайды."

2. Осы қаулы 2020 жылғы 14 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК